

20.10.2022 ж.

Мектеп асханасын және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануын тексеру және бақылау

Біз, төмендегі құрамдағы комиссия мүшелері:

1. Б.Қадырова –комиссия төрайымы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Т.Мусина –комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог
3. С.Мурзағалиева – комиссия мүшесі, мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары
4. А.Сүндетқалиева – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5. Л.Нигметова- бастауыш сынып жетекшісі
6. Н.Абенова - медбике

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асханада күнделікті ас мәзірі ілінген, онда тағам атауы көрсетілген. Буфеттік тағам түрлерінің арасында тиым салынған заттар жоқ екені анықталды. Асхананың эстетикалық көркемделуі қалыпты. Арыз-шағым дәптеріне ешқандай шағымдар келіп түспеген.


Ыстық тамақ ішуге арналған тамақтың нормаға сәйкес келуі, меню және оқушылардың тамаққа келу кестелері де тексерілді. Оқушылар кестедегі уақыт бойынша тамақтанып жүр. Ас мәзірі ілінген мәзірмен сәйкес берілді. Яғни бүгінгі күні мәзірде:

1. Рыбные котлеты
2. Гарнир: макарон
3. Кисель
4. Хлеб

Бүгінгі күні 1-4 сыныптар бойынша- 209 оқушы, 5-11 сыныптар бойынша -28 бала тамақтанды. Асханадағы тағамдардың бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асханадан оқушы денсаулығына қауіпті заттардың сатылмауын қатаң түрде сақтау туралы ескерту айтылды. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.


Қол қоюшылар:

комиссия төрайымы:
комиссия мүшелері:



Б.Қадырова
С.Мурзағалиева
Т. Мусина

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:
Бастауыш сынып мұғалімі, сынып жетекші:
мектеп медбикесі:



Г.Сүндетқалиева
Л.Нигметова
Н.Абенова